



МАМАЯН

С.СЕЙФУЛЛИН
атындағы ҚазАТУ
СТУДЕНТ
ЖАСТАРЫНЫҢ
ГАЗЕТИ

1967 жылдың 6 сәуірінен бастап шығады ● e-mail: agun katu@gmail.com ● www.agun.kz ● № 14 (2089) 27 желтоқсан 2010 жыл

Студенттер шырша тойы



«Өткен жылға өкпе жоқ» дегендей, Барыс жылын шығарып салып, табалдырығымызды аттағалы тұрған Қоян жылына есігімізді айқара ашатын сәтке де санаулы ғана күндер қалды. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің студент жастары Астана қаласының «Жастар» сарайында шырша тойын мерекеледі.
Жалғасы 2-бетте.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕШІЛІ

2010 жылғы 6-7 желтоқсан аралығында Бельгия, Антверп қаласында Темпус IV отініштері бойынша іріктелініп алынған Бірлесіп және құрылымды Темпус жобалары өкілдерінің екі күндік кездесуі өтті.



Бұл кездесуге С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің халықаралық ынтымақтастық бөлімінен арнайы делегация барған болатын. Шетелдік әріптестердің алдында Білім, аудио-визуалды құралдар және мәдениет жөніндегі атқарушы агенттіктің (ЕАСЕА) Темпус бағдарламасының басшысы Клаус Хаупт сөз сөйледі.

Кездесудің мақсаты – жалпы практикалық мәселелерді, яғни, грантты басқару, есептің ережелері мен талаптары, мониторинг, сонымен қатар жалпы кезең бойынша жобаның жұмысы жайлы сұрақтарды қамту. Бұл кездесу осы сала бойынша, сондай-ақ, серіктес мемлекеттерге басқа да жобалармен байланыс орнатуға, маманданған практиктерге тәжірибе алмасуға жақсы мүмкіндік туғызды. Білім, аудио-визуалды құралдар және мәдениет жөніндегі атқарушы агенттік (ЕАСЕА)

жобалардың үйлестірушілеріне дара көмек болатындай кеңестер өткізді.

Кездесу 230 адамды қамтыған Еуропалық Одақ бағдарламасының аясында ұйымдастырылды. Делегациялар құрамында Еурокомиссия мүшелері, Темпус Ұлттық кеңселерінің үйлестірушілері, Албания, Алжир, Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Босния және Герцеговина, Хорватия, Мысыр, Македония, Грузия, Израиль, Иордания, Қазақстан, Косово, Қырғызстан, Ливан, Ливия, Молдова, Монтенегро, Марокко, Палестина, Ресей, Сербия, Сирия,

Тәжікстан, Тунис, Түрікменстан, Украина, Өзбекстан жоғары оқу орындарының Темпус жобасы бойынша өкілдері, сонымен қатар Австрия, Бельгия, Финляндия, Франция, Алмания, Греция, Венгрия, Ирландия, Италия, Литва, Нидерланды, Португалия, Словакия, Испания, Швеция және Ұлыбритания өкілдері болды.

Қазақстан делегациясы құрамында Темпус Ұлттық кеңсесінің үйлестірушісі Ш.Тасболатова, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нен Н.Керімбай, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінен Е.Кандалина және Қазақстан үшін қаржыландыратын үш жобаның екеуін жеңіп алған С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінен барған мамандар болды.

Сәуле Қытайбекова,
Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің бастығы



АҚПАРАТ АЙДЫНЫНДА

НӘТИЖЕЛІ ТЕКСЕРІС

2010 жылдың 19-22 қазан аралығында біздің университет Ұлттық аккредиттеу орталығының сыртқы сараптау комиссиясының бағалау рәсімінен өтті. Бағалау нәтижесі бойынша берілген ұсыныстар негізінде С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ қызметін жетілдірудің іс-шаралар жоспары жасалды. 21 желтоқсанда өткен аккредиттеу кеңесінде депутаттардың, министрліктер өкілдерінің, қоғамдық бірлестіктер басшыларының, республикалық қауымдастықтардың қатысуымен дауыс беру арқылы оқу ордамыздың 5 жылға аккредиттелгендігі жөнінде шешім қабылданды.

ТЕЛЕСТУДИЯ АШЫЛДЫ

Университетте студенттердің қазіргі заманауи құралдармен жабдықталған телестудиясы ашылды. Сол арқылы университетте телерепортаждар, сюжеттерді түсіріп, сондай-ақ тікелей эфирде таратудың шынайы мүмкіндігі туды. Телестудия жұмысын бірігіп, жемісті ұйымдастыру үшін қызығушылық танытқан оқытушылар мен студенттерді шақырамыз.

Алғашқы репортаж – университет ректоры, профессор А.Қ.Бұлашевтың ұжымды Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен видеокұттықтауы түсірілді.

БҮГІНГІ САҢДА

ТАНЫСУ САПАРЫ



3-бетте

3-бетте



ШЫҢЖАНДАҒЫ
КЕЗДЕСУ

БАРЫС ЖЫЛЫ ӘЛЕМ БАРЫСЫНА АЙНАЛҒАН - ҚАЗАҚСТАН

4-бетте

РЕЦЕПТЫ НА НОВЫЙ
2011 ГОД КРОЛИКА

6-бетте



Студенттер шырша тойы



Жалғасы. Басы 1-бетте.

Студенттерге арналған жаңа жылдық мереке, әсіресе, бірінші курс студенттері үшін есте қаларлық тамаша кеш болғандығы жасырын емес. Себебі, бұл бірінші курс студенттерінің алғашқы

«Бірлігі жарасқан ұжым» номинациясын жеңіп алған Студенттік кәсіподақ ұжымы, «Жылдың жаңа есімі» номинациясын жеңіп алған «Z триосы», «Жылдың үздік студенттік өзін-өзі басқару органы» номинациясын жеңіп алған Университет бойынша жатақханалардың студенттік кеңестері марапатталды. Және де 2010 оқу жылы қорытындысы бойынша «Жылдың ең үздік жатақхана коменданты» номинациясын жеңіп алған Гүлзар Мажикенова мен «Сегіз қырлы бір сырлы» номинациясын жеңіп алған Әділет Ахметовке де диплом табысталды.

«Жастар» сарайының шығармашылық тобы студенттерге арнайы мерекелік бағдарлама әзірлепті. Мерекелік жиынның шыршайын келтірген университеттің де өнер жұлдыздары мен шығармашылық ансамбльдері жастарға жаңа жылдық ән шашулары мен билерін тарту етті. Атап айтар болсақ, жақында құрылған «Азиада» тобы мен «Z» триосы ән шырқаса, «Спарта» КТК командасы мен

және табыс тілеймін. Табыстан табысқа жете берейік. Намысты болайық! Көк байрағымыз тек биікпен желбіресін.

«АЗИАДА» ТОБЫ
«Азиада» тобы 2010 жылы құрылған. Топтың атын «Азиада» деп қоюдағы себеп - Қазақстан Азия материгінде орналасқандықтан және алдағы болатын Азиада-2011 ойындарының қарсаңында құрылғандықтан солай аталған. Топтың құрамында үш жігіт бар. Олар - Төлеутай Тұрар, Әділ Орынбасарұлы, Алмабек Әбішев. Тұрар мен Әділ С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің түлектері. **«Қазіргі таңда репертуарымызда төрт ән бар. Алдағы уақытта бейне-**



1) «Азиада» тобы, 2) «Z» тобы, 3) КТК командасы



шырша тойы. Жігерлі жастардың қызыққа толы студенттік жылдарының бастауы.

Университет ректоры Айтбай Бұлашев студенттерді шырша тойымен құттықтап,



жылы лебізін білдірді. Барыс жылы университет үшін табыс жылы болғанын мақтаншып әңгімелеп, бірқатар жетістіктерге тоқталып өтті. Ректор білім ордасының қоғамдық өміріне белсене араласқан және түрлі жұлделі орындар иемденіп, университеттің атын шығарып жүрген белсенді студенттерге арнайы дипломдар табыс етті. Марапат иегерлері: Данияр Елеусинов, Азиза Садуақасова, Әсем Хамзина. Сондай-ақ, 2010 оқу жылы қорытындысы бойынша «Жылдың ең үздік музыкалық қойылымы» («Біз біргеміз» мюзиклі) номинациясын жеңіп алған «Фараб» ән-би театры, «Жылдың ең әсерлі театрландырылған қойылымы» номинациясын жеңіп алған «Ақ желкен» студенттік театры, «Би өнерінің шебері» номинациясын жеңіп алған «Шаттық» би ансамблі,

аграрлық университеттің КТК құрама командалары әзіл-қалжыңдарымен жастардың көңілін көтерді. Ұтыс ойындары ұйымдастырылып, студенттерге сыйлықтар табыс етілді. Мерекелік жиын би кешіне ұласты.

ЕЛ ҮМІТІН АҚТАҒАН СПОРТШЫ

Барыс жылы қазақ жұртшылығы үшін құтты жыл болды десек, осы жылы күллі қазақ халқының мәртебесін көтеріп, көңілін марқайтқан спортшы ұлдарымыздың бірі жақында Қытайда өткен XVI Азия ойындарынан алтын жұлдемен оралған - Данияр Елеусинов.

Біз Даниярдың мерекелік лебізін білдіруді өтіндік:

«Маман» газетінің оқырмандарын, аяулы ұстаздарымыз бен басшылықты, студенттерді келе жатқан жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Зор денсаулық, бақыт

клип түсіруді жоспарлап отырмыз. Астана қаласының көңілді тапқырлар театрында эниш ретінде қызмет жасап жатырмыз. Аграрлық университеті әр кез біздің жүрегімізге жақын. Мұнда өте талантты, сегіз қырлы бір сырлы өнерлі жастар көп. Жаңа жылда жаңа бақыт, шаттық, береке тілейміз. Университет жылдан жылға көркейе берсін»,- дейді Әділ Орынбасарұлы.

«Z» ТРИОСЫ

«Z» триосы 2010 жылдың көктемінде құрылды. Трио алғашқы әнін 1 курс студенттерін студент қатарына қабылдау салтанатында орындады. «Z» триосының продюсері Бахытжан Тәжинов. Жігіттер бүгінде «Достарым» атты авторлық ән орындап жүр. Трио республикалық деңгейде көптеген концерттерде өнер көрсетті.

Нұрлан Құнафин: **Университет ұжымын, оқытушылар қауымы мен студент жастарды келе жатқан жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын. Жаңа жыл жаңа табыстарға толы, берекелі жыл болсын.**

КТК ҚҰРАМА КОМАНДАСЫ

Күлкі адамның өмірін ұзартады деген түсінік бар. Міне, көрермендерін өмірден алынған тамаша әзіл-қалжыңдарымен күлкіге кенелтіп жүрген университеттің КТК құрама командасы да тілек білдіруді жөн көрді. **«Жаңа жыл бәріміз үшін де құтты, берекелі, ырысы мол жыл болсын. Бақытты болыңыздар. Сіздерге күлкі сыйлайтындай еліміздің жетістігі көп болсын, езулеріңізден күлкі кетпесін, жаңарып, жасара беріңіздер»,-** деді Дастан Абдраул.

Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ



НАШИ ДОСТИЖЕНИЯ

Наш университет, как один из ведущих вузов страны, достойно встречает Новый год. В этом году:

- 42 преподавателя защитили диссертации, 8 из них стали докторами наук;

- открыты новые специальности, такие как «Защита и карантин растений», «Энергообеспечение сельского хозяйства»;

- получены лицензии на подготовку магистров по направлениям «Кадастр», «Вычислительная техника и программное обеспечение» и докторов философии по экономике;

- осуществлен прием 2620 студентов на первый курс по 36 специальностям бакалавриатуры;

- КазАТУ первым среди высших учебных заведений Астаны вручил своему выпускнику 50 000-ый диплом;

- университет успешно прошел институциональную аккредитацию и аттестован государственной комиссией на следующие пять лет;

- совет молодых ученых признан самым лучшим среди вузов республики;

- на базе вуза впервые в истории высшего образования Казахстана проведены «Дни аграрных университетов»;

- по рейтингу Независимого Агентства Казахстана КазАТУ находится на четвертом месте среди технических вузов страны;

- открыт колледж при университете;
- создан научно-исследовательский центр «Рыбное хозяйство»;

- журнал «Вестник науки КазАТУ им. С.Сейфуллина» награжден дипломом «Парасат», как издание имеющее высокий импакт-фактор;

- в Республиканском смотре общешкольного №5 заняло первое место;

Порадовали нас и наши студенты своими достижениями в учебе, спорте и общественной жизни. А именно:

- показали хорошие знания в период аттестации университета;

- золотую медаль в копилку Казахстана на летних азиатских играх в Гуанчжоу внес Данияр Елеусинов, чемпионом страны стали Ильяс Сулейменов и Данияр Тулегенов;

- мужская и женская команды по баскетболу завоевали Кубок РК;

- в городской спартакиаде среди вузов по 15 видам спорта не было равных нашим командам;

- театральная студия «Ақ желкен» и танцевальный ансамбль «Шаттық» стали победителями Республиканских конкурсов;

- коллектив театра песни и танца «Фараб» весьма успешно выступил на Международном фестивале «София-2010»; дипломантом Международного конкурса «Шабты» стала и Назира Сагидолла;

- гран-при Астаны «Мисс Студентство» вручен Азизе Садуақасовой, а гран-при «Ел бесік аруы -2010» Газизе Ибраевой;

- русскоязычная команда КВН «Жігер» заняла первое место в городском конкурсе «Государственный язык - мой язык»;

- студенты, принимавшие участие в организации приема гостей саммита ОБСЕ, получили благодарственные письма Главы Государства и Управления делами Президента страны;

- по итогам фестиваля «Неделя единства молодежи г.Астана-2010» КазАТУ получил почетное звание «Лучший вуз столицы».





Бағдарламаның мақсаты – университеттердің құрылымы мен халықаралық ынтымақтастық қызметімен танысу, Алманияның алдыңғы қатарлы ауылшаруашылық жоғары оқу орындарымен болашақта ынтымақтастық қарым-қатынасты жақсарту болып саналады.

Бірінші күні алғы сөзімен Орталық және Батыс Еуропа бөлімінің жетекшісі Петер Хиллер мырза мен Бонн қаласында орналасқан ДААД орталық кеңсесіндегі ТМД елдері бөлімінің жетекшісі Томас Праль

мырза шықты. Делегация мынадай оқу орындарын аралап шықты: ИНРЕС университетінің ауылшаруашылық факультеті, жерге орналастыру кафедрасы, Бонн университетінде орналасқан ИЛТ институтының ауылшаруашылық техника кафедрасы (Бонн қаласы); Гиссен университетінің агрономия факультеті және халықаралық бағдарламалар орталығы (Гиссен қаласы); Хойенхайм университеті Шығыс-еуропалық орталығы мен агрономия факультеті (Штутгарт қаласы);

2010 жылдың 21.11-02.12 аралығында университеттің халықаралық ынтымақтастық бөлімі Неміс академиялық алмасу қызметі (ДААД) бағдарламасының «Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан және Украина жоғары оқу орындарының әкімшілік-басқару құрамы мүшелерінің Алмания ауылшаруашылық жоғары оқу орындарымен танысу сапарына» қатысты.

ТАНЫСУ САПАРЫ

Мюнхен техникалық университетінің Ғылыми орталығы мен агрономия факультеті (Мюнхен қаласы); Вайнштефан қолданбалы ғылымдар университетінің ауылшаруашылығы факультеті мен білім беру орталықтары (Вайденбах қаласы), сонымен қатар Гумбольд атындағы университеттің ауыл шаруашылығы факультеті мен оқу шаруашылықтары (Берлин қаласы).

Танысу сапары кезінде ғылым және білім саласында Алмания мен ТМД елдері жоғары оқу орындары арасындағы ынты-



Сара Қытайбекова, Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің бастығы

Жақында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 7 қызметкерінен құралған делегация Қытай Халық Республикасының Шыңжаң ауылшаруашылық университетімен жасалған келісімшарт аясында аталған оқу орнында іссапарда болды.



Университеттің бірінші проректоры Айтжан Мұхамеджанұлы Әбдіров басқарған делегация құрамында агрономия факультетінің деканы Серікпаев Нұрлан Амангелдіұлы, техника

факультетінің деканы Нөкешев Саяхат Оразұлы, Энергетика факультетінің деканы Шүкірәлиев Мұрат Аяғанұлы, Экономика факультетінің профессоры Құсайынов Талғат Аманжолұлы,

ШЫҢЖАҢДАҒЫ КЕЗДЕСУ

Тіркеуші кеңсе директорының орынбасары Ахметов Ержан Советұлы және Қазақ-Қытай Білім және Ғылым орталығынан барған мамандар болды.

Делегация Шыңжаң ауылшаруашылық университетінің экономика, ауыл шаруашылығын механикаландыру, агрономия, өсімдік және экология факультеттерінде болып, олардың білім беру тәжірибелерімен танысты, сонымен бірге білім беру бөлімімен бакалаврларды бірлесіп даярлау жөнінде пікір алмасты. 12 желтоқсан күні делегацияны Шыңжаң ауылшаруашылық университетінің ректоры Ло Чиуджан өзі бас болып ШАУ-нің Хұтыбей шаруашылық тәжірибе алаңына (Үрімші қаласынан 80 шақырым) экскурсияға апарып, онда жүргізілетін ғылыми-



зерттеу жұмыстарымен егжей-тегжейлі таныстырып өтті.

Шыңжаң ауылшаруашылық университетінің ректоры Ло Чиуджан, проректор Зейнеп Нығметқызы, Халықаралық ынтымақтастыққа жауапты проректор Абылет мырза делегациямен жеке-жеке кездесулер

жүргізді. Бакалаврларды даярлау ісінде тәжірибе алмасуды көздеген іссапар өз мақсатына жетті деуге әбден болады.

Думан Иманмәдіұлы, Қазақ-Қытай Білім және Ғылым орталығының жетекшісі

В системе архитектурного образования методика архитектурного проектирования опирается на принципы научной организации учебного процесса, отражает содержание педагогической и учебной деятельности при подготовке высококвалифицированных специалистов – архитекторов и дизайнеров.

Задача научной организации обучения в архитектурной школе состоит в создании предпосылок для подготовки архитектора широкого профиля, глубоко образованного и творчески мыслящего, способного быстро адаптироваться к условиям практической проектной деятельности.

Архитектор должен уметь ориентироваться в новых направлениях развития архитектуры, дизайна и строительства, быть подготовлен к самостоятельному пополнению своих знаний, к восприятию стремительного потока разнообразной информации. Высшая архитектурная школа призвана сформировать архитектора как творческую личность, органически сочетающую в себе черты ху-

НАШ ЛЮБИМЫЙ ПРЕПОДАВАТЕЛЬ



дожника, ученого, инженера, организатора процессов труда – специалиста, понимающего перспективы развития общества, задачи оздоровления окружающей среды и способного решать проблемы, стоящие перед архитектурой и дизайном. Все эти качества прививают нам пре-

подаватели архитектурного факультета.

Университет – наш второй дом. Зачастую мы проводим здесь весь день, мы общаемся с одноклассниками, преподавателями. И как много зависит от того, как относятся к тебе эти люди, какую энергию они передают, так важ-

но, чтоб эти взаимоотношения были теплыми. Это напрямую зависит от качества получаемых нами знаний, от того хочется ли нам вновь с интересом день за днем возвращаться в университет. У нас много хороших преподавателей, но хотелось бы поведать вам об одном замечательном преподавателе, которого я знаю только два года, и уже дорожу этим знакомством.

Этот человек, который отдаст все свое тепло окружающим, не ожидая ничего взамен. Это преподаватель ведет предмет «Архитектурная композиция» и «Архитектурное проектирование». Людмила Александровна Антончева – архитектор, доцент нашего университета, и просто хороший человек.

Ее любят все, и я пока не встречала ни одного человека, который бы отрицательно о ней отзывался, да и вряд ли найду. Присутствовать на ее занятиях одно удовольствие. Каждый урок очень интересен, на них я узнаю много нового о моей будущей профессии, а иногда и о жизни в целом. Она ведет себя

наравне с нами, что очень важно. Всегда поможет и подскажет в трудной ситуации. Она – наша вторая мама!

Ведь с нами работать трудно, все мы разные у каждого свои способности, свой характер, но она может ко всем найти свой подход, найти общий язык.

Как хорошо, что она у нас есть!

Студенты! Берегите наших преподавателей, таких профессионалов как они, больше нет!

Пользуясь случаем, хочу поздравить всех преподавателей и сотрудников нашего университета с наступающим Новым годом! Желаю Вам крепкого здоровья, творческих успехов и терпения в вашем нелегком труде. Пусть наступающий год принесет много радости и благополучия!

Динара Джуматаева, студентка 2 курса архитектурного факультета

На фото: 203 группа и доцент Л.А. Антончева



Барыс жылы әлем барысына айналған - ҚАЗАҚСТАН

Бұл шындық...!

Ия, сөзсіз барыс жылы Қазақстан әлемнің барысына айналды. Азияда бұл аң күш-қуатымен дараланады. Барыс қайраттылықты бейнелейді. Қысқасы, барыс - тазалықты, биіктікті сүйетін, болмысы бөтен, ерекше жаралған ерекше тіршілік иесі. Биіктікті сүйетін барыс сияқты қазақ елі де биыл тағы бір биік шыңдарды бағындырды. Осы жыл ел тарихында алтын әріптермен жазылатын маңызды оқиғаларға толы болды. Олай деп айтудың өз себебі бар, өйткені, осы жылы қазақ әлемді, әлем қазақты таныды.

Біз қазақ ертеден егемендікті, бейбіт өмірді арман еткен, ерлері батырлықпен, жыраулары ақындықпен, қызыл тілді қару еткен шешендері даналықпен танылған, ел мен жерін қорғай білген, қонақ келсе астындағы жалғыз атын сойып беретін қонақжай халықпыз ғой. Бұл туралы Қаз дауысты Қазыбек бидің жоңғар ханы: «Біз қазақ мал баққан елміз, Ешкімге тиіспей жай жатқан елміз. Елінің шегін жау алмасын деп, Найзаның ұшына үкі таққан елміз» - деп айтқаны жұртымыздың ертеден қайсар мінезді халық екенін аңғартқандай. Енді бір сәт тарих беттерін парақтап, өткенге үңіліп көрсек қайтеді. Алдымен, осы жылдың жетістіктерін тізбектемей тұрып, бұған дейінгі барыс

жылдары несімен есте қалыпты соған тоқталайық?

Жалпы Барыс жылының ерекшелігі неде?

Барыс жылы десек, ең алдымен еске тәуелсіздікті ту еткен Алматыдағы алаңға қазақтың Намысы мен Рухын көтеріп шыққан қазақтың өрімдей ұлдары мен қыздары түседі. 1986 жыл. Қыс. Желтоқсан оқиғасы. Қазақ жастары. Буырқанған рухпен намыс. Алаш жұрты осынау ұлы күнді ешқашан ұмытпа қоймас, сірә.

Есімізге алып, еңсемізді түсіргіміз келмесе де айтайық. Қазақтың бетке ұштар қаймақтарын, ұлтты ұшпаққа шығарар тұлғаларын, Алаш зиялыларын жазықсыз «халық жауы» деп жала жауып қынадай қырған қасіретті 1938-інші жыл да Барыс жылына сәйкес келеді екен.

Ал енді бұл Барыс жылы қазаққа не берді? Бұл сұрақтың жауабын: «Ия, 2010 жыл - Барыс жылы Қазақстан үшін табысты жыл болды», десек қателеспейміз. Неге десеніз, Алла сәтін салып, 2010 жылы еліміз Еуропадағы ынтымақтастық және қауіпсіздік ұйымына төрағалық қызметін сәтті аяқтады. Оның нәтижесі биылғы жылдың 1-2-ші желтоқсанында өткен Астана саммиті. Бұл - сөз жоқ, ел өміріндегі мәні мен маңызы жоғары үлкен оқиға. Кеше ғана бұрынғы заманнан көшпенділер елі, жабайылар

мекені деп келген Еуропаны, жалғыз Еуропаны емес бүкіл әлемнің 56 мемлекетінің басын қосып, қазақ елінің Сарыарқа төсіндегі жас қаласы Астанаға жинап, Алаш аспанының астында қазақтың ежелгі қайсар рухын қайта оралтып, ата-баба арманын орындап, тәуелсіздігін таяуда ғана алған мемлекеттер ішінде тұңғыш рет осындай халықаралық форумды ұйымдастырып, ел тарихындағы маңызды, әрі аса ауқымды шараны үлкен табыспен атқарып, әлем жұртын таңғалдырдық. Енді, міне, қазақ елін төрткүл дүние таныды. Келген әрбір қонақтың аузында Қазақстан деген сөз кетті. Мұны бір деп қойыңыз.

Екінші, еліміздің инновациялық-технологиялық дамуының

алғашқы бесжылдық жоспарын жүзеге асыру басталды. Бұл Елбасы жолдауында айтылғандай бүгінгі бәсекеге қабілеттілікке төтеп беретін, әлем ұсынған дамудың жаңа бір сатысы.

Үшінші, биылғы жылдың 1-ші қаңтарынан бастап үш елдің - Қазақстан, Беларусь және Ресейдің Кедендік одағы туралы келісім күшіне енді.

Төртінші, 2010 жылы еліміздің ең басты құжаты болып саналатын Ата Заңымыздың қабылданғанына 15 жыл толды.

Бесінші, 1941-1945 жылы Отан ерлерінің Ұлы Отан соғысында ерлікпен фашисттерді жеңіп, алып берген Ұлы жеңістің 65 жылдығы аталып өтілді.

Айта берсек бұдан өзге көптген маңызды шаралар қазақ елінде ұйымдастырылып, ел мерейін көтеріп, айбынымызды асқақтатты.

Енді Барыс жылының кейіпкері жөнінде бір ауыз сөз. Жалпы барыс қандай аң? Оның өзге тіршілік иелерінен айырмашылығы неде?

Барыс - қарлы тауды мекендейтін, биікте жүретін, биікті сүйетін, таза, текті аң. Сирек кездеседі. Адам көзіне түсуі де сирек. Барыс өздігінен ешкімге тиіспейді. Бірақ өзіне тиіскенді кешірмейтін жануар.

Қазақстан 2030 жылы Азияның Барысына айналамыз деп алдына биік мақсат қойғаны барлығымызға белгілі? Осы жерде неге еліміз дәл осылай алдына

мақсат қойды, басқа аңды емес, неге Барысты таңдады деген сұрақ туындайды? Олай болса қазақ елі бұл аңды бекер таңдаған жоқ. Қарлы тауды, биікті мекендеген барыс секілді еліміздің де көздеген мұраты да биік. Елбасы елін сол биікке жеткізу үшін 1997 жылы «Қазақстан - 2030» стратегиясын қабылдады. Өйткені, қазақ елі де өзге аңдарға ұқсамайтын барыс секілді өз жолымен, өз сұрлеуімен жүргісі келді. Қазақстан бұл мақсатқа біртіндеп қол жеткізіп те келе жатыр. Әлемдік қауымдастық алдында өзіндік беделге ие болып, төрткүл дүние алдында өзіндік соқпағын көрсетті. Бұл үлкен жетістік. Ендеше, келе жатқан қоян жылы да барша қазаққа бақыт әкеліп, Намысымыз бен Табысымыз арта берсін, ел мерейі үстем болып, халқымыз аман, бейбітшілік жасаған заман болсын. оны алдағы уақыт көшінен қуаныш, жақсылық, жағымды жаңалық күтетін, өткен өмір жолымызға есеп беретін, келешекке бағыт-бағдарымыз бен мақсат, міндеттерімізді белгілейтін үміт, сенім мерекесі ретінде тойлағанымыз, ескі жылды ризашылық сезіммен шығарып салып, жаңа жылды тәтті тілек, ақ батамен қарсы алғанымыз абзал болар!

Ибраймов Ақтілек
«Жас түлек» клубының мүшесі
экономикалық факультеттің
3 курс студенті



Жаңа жылды қай елде қалай қарсы алады?

Жаңа жыл мерекесінен асқан көңілді мереке жоқ. Адам баласы жаңа жылды жақсы үміт, жақсы ниет – тілекпен қуана қарсы алады. Дегенмен, әр халықтың бұл мерекені күтетін өз дәстүрі бар. Осыған байланысты біз әр елдің рәсімдерінен кішкене мәлімет беруді жөн көрдік.

Жалпы, қазақтар үшін Жаңа жыл мерекесі наурыздың 22-сінде басталған. Бұл күні күн мен түннің теңеліп, мал төлдеп, көктемнің гүлденген шағында жұрт та жасарып, қыз-жігіттер ерекше құлпырып, әсем жырмен айналынып, әнге бөлеп, неше түрлі ұлттық ойындар ойнайды. Абыр-сабыр наурыз көже пісіріліп, үй-үйді аралап, қыдырып жүрген адамдарға көше толы болады. Сондай-ақ, бұл күндері сандықтағы ең тәтті тағамдар шығарылып, ой мен қырдағы сағынысқан жұрт табысып, дастарқандары неше күн жиялмай тойлайтын болған.

Жаңа жылды әшекейлі шыршамен қарсы алу дәстүрін Ресейде 1700 жылы қаңтардың бірінде І Петр енгізді. Дәл осы жылы Ресейде жаңаша жыл санау басталды. Осы І Петрдің өзі басқарған Мәскеудегі мейрам таңға шейін созылған. Міне, осыдан бері Жаңа жыл шыршасының айналасында мейрамдау кәдуілгі салтқа айналды. Бұл дәстүр - шырша ағашы қасиетті болып саналатын елдерде туған еді. Ертедегі еуропалық тайпалар, шыршада орман перісі өмір сүреді деген сенімде болған. Сондықтан мейрам күндері тайпа көсемі шыршаға сыйлықтар әкеліп, орманнан аң аулауға рұқсат сұрайтын болған.

Жер шарында Жаңа жылды ең алдымен қарсы алатын халық — Фиджи архипелагінің 160 аралының тұрғындары екен» ол архипелагта 320 арал бар, бірақ кейбіреулерін жұрт мекендемейді екен.

Ал Шотландия мен Уэльсте ескі жылдың соңғы секундында есікті кеңірек ашып,

ескі жылмен қош айтысып, «шығарып» жібереді де, Жаңа жылды «кіргізеді».

Кения халқында Жаңа жылды керек десеніз, суда қарсы алу салтқа айналыпты. Бұл күнді барша кениялықтар өзенге, көлге суға түсіп, қайыққа мініп, ән салып, сауық-сайран құрып, ойын-күлкімен өткізеді.

Үндістанның әр ауданында Жаңа жылды әр уақытта (қыркүйектен наурызға дейін) қарсы алады. Үй иесі от Анасының міндеті — үйін өз қолымен істелген түрлі әдемі заттармен безендіру. Бұл елде Жаңа жыл мерекесінде ұшырылған батпырауықты садақпен атады екен. Батпырауықтың көлемі өте үлкен және түрлі түске боялады. Ең мерген біреуі оны садаққа жанып тұрған оқ салып атады. Батпырауық тұтанған кезде той басталады. Бұл тойда би биленіп, өлең айтылып, әртүрлі спорттық ойындар көрсетіледі. Кеш соңында әркім өз өнеріне сай сыйлықтармен марапатталады.

Жаңа жылды алғаш рет Панамада қарсы алған кісінің тосыннан қорқып қалуы ықтимал. Өйткені, мұнда Жаңа мереке өрт сөндіргіш мұнарадағы зор қоныраудың құлақ тұндырарлық ашы даусымен басталады.

Халық туыстарын, таныстарын, тіпті бейтаныстарын да осы қоныраудың қуатты күмбірі астында құттықтайды. Осы күні мұнда керемет шу көтеріледі: автокөлік сигналдары шыңғырып, сирена даусы ұлып, адамдар улап-шулап, не болса соны даңғырата қағып, азан-қазан болады. Бұл кезде жас балалар түгіл

үлкендердің де қуанышында шек болмайды.

Болгарияда Жаңа жыл дастарқанына басқа да тәтті тағамдармен қатар күміс теңге қосып, бірнеше қабат етіп пісірген самса қойылады. Оның жанында денсаулық пен ұзақ өмір сүрудің белгісі ретінде кизилағашының бір бұтағы жатуға тиіс. Күміс теңгені алған адам Жаңа жылда зор бақытқа кенеледі деп есептелінеді. Дастарқан басында әлдеқалай біреу түшкіріп қалса, жақсы ырым саналып, оған көктемде туған алғашқы қозыны, лақты, құлынды сыйға тартады.

Ал Чехословакияда да Жаңа жыл дастарқанына арнап ішіне теңге, сақина, қызыл бұрыш салған самса пісіреді. Бұл самсаны өте сақтықпен жеу керек. Аузына қызыл бұрыш түскен адам күлкіге айналады да, сақина мен теңгені алған адам Жаңа жылдағы ең бақытты жан болып саналады.

Иранда Жаңа жылды наурызда қарсы алады. Ел халқы мерекелік дастарқанға тұқым, жеміс-жидек, қытай пиязы, сіркесу қояды екен. Дәл сағат 12.00-де үстел басындағылар қолына күміс теңге ұстауға тиіс. Әйтпесе, халық нанымдарында ол адам жыл бойы жат елде өмір кешеді. Бразилиялықтар Жаңа жылда көшелеріндегі бағандарды гүлдермен, қоныраулармен безендіріп тастайды.

Эфиопиялықтар Жаңа жылды қыркүйектің он, он бірінде қарсы алады екен. Олар Жаңа жылда кілең ақ киім киіп, ерте тұрып, шіркеуге барады. Ондағы салтанат үш сағатқа созылады. Сонан кейін самырсын ағашының көлеңкесінде

Жаңа жылға арнап мол дастарқан жасайды, оған бала-шағаларымен бірге түгел жиналады. Осы кезде балалар Жаңа жылға арнап салған суреттерін ата-аналарына сыйға тартып және үй ортасына жіп керіп, суреттерді іліп қояды. Содан кейін ғана жаңа жылдық дастарқан басына жайлана отырады. Барлық жиналған ағайын-туыс мол дастарқан басында шатшадыман көңілмен ән шырқап, жақсы игі тілектерді бір-біріне тілейді.

Гүлдана Данабекова,
Техникалық факультеттің
1 курс студенті



Шығыс елдері дәстүрлі жыл басы мерекесін күн мен түннің теңелген күні яғни 22 наурызда атап өтеді.

Ал жылдарға жануарлар атын беру дәстүрі ежелгі Қытайдан басталған екен. Халықтық жыл санау есебінде 12 жыл аты бар болса, олар туралы деректер VIII ғасырдағы «Күлтегін» ескерткіштері мен XI ғасырда өмір сүрген Махмұт Қашқаридың еңбектерінде кездеседі. Қазақша жыл санау мен жыл қайыру кестесі бойынша жылдар бірінен соң бірі былай аталады: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз жылы. Жыл басы қазақтарда тышқаннан және Наурыз айының 22-сінен басталып, ол он екі жыл бір айналғанда мүшел жасты құрайды. Алайда, адамның алғашқы мүшелі – 13 жас. Біз енді әр жылдың қысқаша анықтамасына тоқталсақ.

ТЫШҚАН ЖЫЛЫ. Қазақтар тышқан жылын бекере, ырыстың, татулық пен тыныштықтың жылы деп санайды. Тышқан жылының мыңдаған жылдық тарихына назар аударсақ, оның көп жылы аштықсыз, жаугершіліксіз, қиындықсыз, молшылықта өткен. Қанжығалы Бөгенбай батыр тышқан жылы (1684) туса, Төле би тышқан жылы (1756) қайтыс болған, алғаш Қазақ ордасы 1456 тышқан жылы құрылған.

СИЫР ЖЫЛЫ. Тышқан жылынан кейін кіреді. Сиыр жылында дау-жанжал, қиындықтар мен ауыртпалықтар көп болған. Қариялар соны жиі айтып, сиыр жылында сәтсіздіктер бола қалса, «Биыл ауыр жыл ғой. Мұның бәрі содан ғой», - деп өзін-өзі жұбатып жатады. Ырым-нанымға сәйкес, сиыр жылы туғандар бұл жылы сиырды бауыздамайды. Көп халық сиыр жылының дастарханына сиыр етін, одан жасалған тағамдарды қоймайды.

БАРЫС ЖЫЛЫ. Сиыр жылынан кейін кіреді. Оның ауыртпалығы да, жақсылығы да аралас. Бұрындары барыс жылында есте қалатын елеулі оқиғалар болмағандықтан оны жайсыз жыл санамайды, жамандамайды. Біздің ұлық пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) барыс жылы туып (570), ұлу жылы қайтыс болған (632). 1937-38 жылғы саяси қуғын-сүргін де осы барыс жылында болып, 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы барыс жылына тұстас келді, Мұстафа Шоқай барыс жылы туып, жылан жылы қайтыс болды (1890-1941).

ҚОЯН ЖЫЛЫ. Барыс жылынан кейін кіреді. Бұл жыл жұт аштық, ауыртпалық, бейнетпен қазақ халқының есінде қалған. 1867-68 жылы жалпақ қоян жұты, 1879—80 жылы үлкен қоян жұты, 1891-92 жылы кіші қоян жұты, 1915-16 жылы тақыр қоян жұты болды. Қазақ даласында көп мал қырылып, адамдар өлді. 1962-63 жылдары да малды аудандарда көп мал қырылды. Қазақ еліне Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама заман 1723 қоян жылы келді. Қоян жылы Абылай хан өмірге келді (1711 ж.).

ҰЛУ ЖЫЛЫ. Қоян жылынан кейін кіреді. Қазақтар ұлу суда өсетіндіктен, бұл жылы астық, шөп мол болады деп, оны жайлы, жұмсақ жыл санай-

ды. Алайда, ұлу жылында да қиындықтар болған. Жылан жылы. Ұлу жылынан кейін кіреді. Қазақ халқында: «Жылан жылы жылыс болды», - деген сөз бар. Шыңғыс хан шабуылы 1221 жылан жылы Отырарды алды, 1926-29 жылы Қазақстанда кәмпеске болды, 1941 жылы неміс-фашист басқыншылығы жылан жылы басталды, Октябрь революциясы (1917-18) жылан жылымен тұстас келді, Абай жылан жылы туып, ұлу жылы өмірден өтті (1845-1904).

ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ. Жылан жылынан кейін кіреді. Ел есінде жылқы жылы болған ауыртпалық, қайғылы оқи-

МЕШІН ЖЫЛЫ. Қой жылынан кейін кіреді. Қазақтардың пайымдауынша, ол – жайсыз жыл. Бұл жылы бүліншілік, сәтсіздіктер мен жағымсыз оқиғалардың көп болуы мүмкін. Сол себепті қазақтар мешін жылынан қорқып отырады. 1920 жылы қазақ даласында көп мал қырылып, бұл жыл – «Тас мешін» деп аталды. 1931-32 жылғы алапат аштық та мешін жылы болып, Ақ орда хандығы 1428 мешін жылы құлады, мешін жылы (1680) Әз-Тәуке хан таққа отырып, ел биледі. Тауық жылы. Мешін жылынан кейін кіреді. Халық бұл жылды да ауыр жылдардың бірі санайды. Өйткені, тауық жылы қауіп-қатер жиі болған, халық көп ауыртпалық көтерген. 1920-21, 1932-33 тауық жылдары жұт, аштық, 1968-69 тауық жылы құрғақшылық болды. Әл-Фараби (870-950), Міржақып Дулатов (1885-1935), Мұхтар Әуезов (1897-1961) тауық жылы туған.

ИТ ЖЫЛЫ. Тауық жылынан кейін кіреді. Мешін, тауық жылындағы ауыртпалық ит жылы жеңілдейді. Мысалы, 1933 жылы аштық тиыпқан, 1945 жылы соғыс аяқталған. Қаныш Сәтбаев ит жылы туған (1899-1964 ж.).

ДОҢЫЗ ЖЫЛЫ. Ит жылынан кейін кіреді. Жыл санаудың және жыл қайырудың соңғы жылын Қазақстанның кей жерінде, кейбір түркі елдерінде қара киік жылы деп атайды. Халық бұл жылы пәле-жала көп болады деп ойлайды. Алайда, доңыз жылы көп жағдайда қазақтарға жайлы болған. Қазақ – жоңғар соғысындағы үлкен жеңіс – 1729 доңыз жылы болды.

2010 жыл - БАРЫС ЖЫЛЫ. Азияда бұл аң күш-қуатымен дараланады. Барыс қайраттылықты бейнелейді. Шығыста сары жолбарысқа - жердің және Жер шары қуатының жоғары әміршісіне табынушылық бар. Көптеген халықтар өз символдық белгілерінде жолбарыс бейнесін пайдаланады.

Біз қазақ ырымшыл халықпыз ғой. Бір сәт тарих беттерін парақтап, өткенге үңіліп көрсек қайтеді...

Бұған дейінгі барыс жылдары несімен есте қалыпты? Жалпы Барыс жылының ерекшелігі неде?

Ұлық пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Барыс жылы (570) дүниеге келіпті. «Алаш туы астында күн сөнгенше сөнбейміз» деп өмірінің соңына дейін қазақтың азаттығы жолында басын бәйге тіккен Мұстафа Шоқайда (1890-1941) Барыс жылының төлі екен. Барыс жылы десек, ең алдымен еске Алматыдағы алаңға қазақтың Намысы мен Рухын көтеріп шыққан қазақтың өрімдей ұлдары мен қыздары түседі. 1986 жыл. Желтоқсан оқиғасы. Қазақ жастары. Буырқанған рух пен намыс. Алаш жұрты осынау ұлы күнді ешқашан ұмыта қоймас, сірә.

Барыс жылы десек, Арқа төсіне астанасын қондырып, ақтүйенің қарнын жардырып, Ақ ордасын салдырып, әлемді таңғалдырған қазақ елі еске түседі. Бұл да Барыс жылының (1998 жыл) еншісіндегі еліміз үшін маңызы мен мәні жоғары үлкен оқиға. Есімізге алып, еңсемізді түсіргіміз келмесе де айтайық. Қазақтың бетке ұстар қаймақтарын, ұлтты ұшаққа шығарар тұлғаларын қынадай қырған қасіретті 1938 жыл да Барыс жылына сәйкес келеді екен.

Әзірлеген Серікжан Иманғалиев,
Жерге орналастыру факультетінің
1 курс студенті

ЖЫЛ САНАУ



галар жоқ. Жылқы жылы туғандар бұл жылы жылқыны бауыздамайды. Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіровтер жылқы жылы (1844) туған. Қаракерей Қабанбай батырдың да (1690), Жамбыл Жабаевтың да (1846) туған жылы – жылқы.

ҚОЙ ЖЫЛЫ. Жылқы жылынан кейін кіреді. Қазақтар қой жылын – жақсы жыл санайды. Қой жылы халыққа жайлы болған, молшылыққа кенелген. 1966-67 қой жылы Қазақстанда миллиард пұттан астам астық алынды. Құнанбай қажы қой жылы туып, Шоң би қой жылы қайтыс болған. Қазақстан 1991 қой жылы тәуелсіз ел атанды, Ахмет Байтұрсынұвта қой жылы (1873) дүниеге келді.

ЕҢ ҚҰНДЫ СЫЙЛЫҚ

Міне көптен күткен «Жаңа жылда» келіп жетті. Жаңа жыл жаңа армандар мен жаңа табыстардың бастауы. Бір шағырақ асытында жүзден астам ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқан бейбіт елміз. Қалай болса да, жаңа ғасырға тәуелсіз Отанымыздың, елордасы Астанамыздың алтын қақпасын ақ ниетпен айқара ашып, жаңа жыл – «Қоян жылы да» келіп жетті.

Әр жаңа жылда қайта басталатын әр күніміз тұмансыз, күмәнсіз болғай, түніміз ойлы, күніміз жайлы болғай деп тілек білдіреміз.

Мектепте оқып жүрген кезімде «ақ сақалы белуарына түскен аяз ата келеді, түрлі сыйлықтар әкеледі» дегенге сенетін едім. Бірақ, жоғарғы сыныпқа келгеннен соң, бұл ұғым баланың арманы екеніне көзім жетті. Бастауыш сынып оқып жүргенімде «аяз атаға» хат жолдап, сыйлық күтетінмін. Алайда, бұл сенімнің тек қиял екендігі балалық дәуренмен бірге қалып қойды...

Мен үшін балалық шағымдағы ең есте қаларлық сыйлық – үшінші сынып оқып жүргенімде анам тарту еткен кітап болды. Ол мен үшін өте құнды сыйлық болып қала бермек.

Гүлмира Мұратхан,
Агрономия факультетінің
1 курс студенті



Агрономия факультетінің концерт залында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті қызметкерлерінің балаларына арналған шырша тойы өтті.

Бүлдіршіндерге тарту

Жыл сайын бүлдіршіндерге арналған шырша мерекесін ұйымдастыруды университет басшылығы дәстүрге айналдырған.

Биыл да университет ұжымы санаулы күндерден кейін есігімізден енгелі тұрған жаңа жыл мерекесіне бүлдіршіндерді шақырып, оларға ерекше мерекелік бағдарлама әзірледі. Ертегі кейіпкерлерінше киінген балақайлар аяз ата мен ақшақарға тақпақтарын айтып, тәтті сыйлықтарға ие болды. Құттықтау сөз сөйлеген университеттің тәрбие және әлеуметтік мәселелер жөніндегі про-



ректоры Александр Майер жиналған қауымды жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Білім мекемесінің шығармашылық топтары өнер көрсетіп, кішкентай қонақтардың көңілін көтерді.

Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ



ЖАҢА ЖЫЛДЫ ТОЙЛАУ САЛТЫ

Бұл жарқын және көңілді мереке әр елде әрқалай атап өтіледі, дегенмен, барлық жерде оны бірдей сүйіп күтеді. Жаңа жылды тойлау салты тұңғыш рет Месопотамияда пайда болды. Қай ел, қай халық болсын, жаңа жылды салтанатты жағдайда мерекелеп, оған айрықша мән берген. Олардың жылды қарсы алуы бір-біріне ұқсамайтын өз дәстүрлері бар. Жалпы алғанда, әсем ойыншықтары жарқыраған жасыл шырша Жаңа жылдың символына айналған. Жаңа жылдық тұңғыш шырша 1600 жылы Герман провинциясы Эльзаста орнатылған, депті-міс. Алғашқы кезде шыршаны қағаздан жасалған раушан гүлдерімен безендірсе, 1737 жылдан бастап көз жауын алар зерленіп оқаланған түрлі әшекей ойыншықтармен көркемдеу дәстүрге айнала бастады. Адамдардың мерекеге арнап шыршаны таңдауы да кездейсоқ жағдай емес. Ертедегі египеттіктер, римдіктер басқа да еуропалықтар шырша түсін өшпес өмірдің белгісі санаған. Сондай-ақ, мәңгі жасыл өсімдіктер – қарағай, лавр, кипаристерді де ерекше құрметтеп, мәңгілік өмір мен денсаулық осыларға байланысты деп есептеген. Жасыл шыршалардың өз рекордтары да бар. Мәселен, әлемдегі ең биік шырша 1950 жылы желтоқсанда Американың Сиэтл қаласында орнатылыпты. Оның биіктігі 67,4 метр екен. Ал жасыл шыр-

шаны құлпыртып безендіруде Лантана қаласында орнатылған (Флорида штаты) шырша иемденеді. Биіктігі 38 метрлік бұл жасыл аруға 15100 сырға шырақ, ұзындығы 850 метр болатын гүлтізбесі, 1500 ойыншық, 500 алуан түрлі әшекей заттар ілінген. Ең үлкен жасанды шыршаны аргентиналықтар жасапты. Буэнос – Айрестің орталық алаңына тұрғызылған «ғажайып ағаштың» биіктігі отыз метрден асқан. Жыл он екі ай бойы келушілердің таңдайын қақтырған ерекше шырша Сент – клаус қаласындағы (АҚШ, Индиана штаты) жұрт аяғы сейілмейтін көрікті де сұлу саябақта «бой көтерген». Бұл шырша алуан түрлі әшекей, ойыншықтармен жыл бойына безендіріліп тұрады, өйткені, осынау жасыл арудың сабағына өзінің кез-келген әшекей зағынды іліп қою – үлкен бақыт. Сондықтан да, осы жерге қала тұрғындары мен қонақтары әсте құр қол келмейтін көрінеді. Сонымен қатар, Аяз ата, шырша, шырақ жағу деген сияқты Еуропа елдері өздерінің этнографиялық ренктерін беріп, байытты.

1699 жылға дейін ежелгі дәстүр бойынша Ресей тұрғындары жаңа жыл мерекесін 20 желтоқсан күні қарсы алып келгені мәлім. Түрлі тарихи басылымдарда Жаңа жылды әшекейлі шыршамен қарсы алу дәстүрін



Ресейде 1700 жылы қаңтардың 1-інде I Петрдің енгізгені, дәл осы жылы Ресейде жаңаша жыл санау басталғаны, I Петрдің өзі басқарған Мәскеудегі мейрамның таңға дейін созылғаны жазылып жүр.

Акбота Дәулетқызы,
Агрономия факультетінің 1 курс студенті

Рецепты на Новый 2011 год Кролика



Веселый шум искрящегося шампанского, чарующий запах мандарин, доносящийся из кухни, аромат салата «оливье» и, запеченной в духовке курочки – вам не кажется, что на пороге стоит самый загадочный и волшебный праздник?!

Традиционное представление о новогодних угощениях

Совсем немного времени осталось до наступления самого любимого праздника – Нового года. Для того, чтобы встретить его по всем правилам и не ударить в грязь лицом перед хозяином 2011 года – белым металлическим кроликом и его собратом котом, уже сегодня следует подумать о том, как сервировать новогодний стол и как составить новогоднее меню.

Новый год, всегда отличался радушием и хлебосольством, традиционно в гости приглашалось много гостей, и накрылась потрясающий новогодний стол. Наши предки выставляли на новогодний стол все самое вкусное. Вспоминая новогодние рецепты, радовали себя и близких оригинальными кулинарными произведениями.

Наверняка, многим покажется довольно странным тот факт, что к новогоднему столу наши предки не подавали ни домашней птицы, ни дичи, ни зайчатины, это «благодаря» поверью, которое гласило, что вместе с шустрями представителями животного мира, улетит и убежит из дома счастье.

Изобилие на новогоднем столе во много объяснялось тем, что люди верили в поговорку «как Новый год встретишь, так его и проведешь», сегодня она так же актуальна, именно поэтому, встречая Новый год 2011 - новогодние рецепты стоит просмотреть основательно и не скупиться на угощения. Новогодние рецепты 2011 должны содержать самые разные продукты, начиная от мяса и заканчивая заморскими фруктами и сладостями.

Предпочтения белого металлического кролика. 2011 год - что приготовить на Новый год?

Ох, и непростая же это задача – угодить новому символу наступающего года. Кролик – су-

щество хоть и не очень прихотливое, однако своенравное и мириться с недостатками новогоднего меню стола точно не станет.

Понятно одно - новогодние рецепты на 2011 год не должны содержать блюда из самого кролика, кому же понравится лицезреть собственного собрата, невинно убиенного в честь его же праздника. Такого кощунства белый кролик уж точно не вынесет и обязательно отомстит в течение года своим обидчикам, бездумно использовавшим новогодние рецепты.

Рецепты новогодний стол украшающие, обязательно должны содержать рыбные продукты, ведь вторым гостем на празднике станет кот, вот и попытайтесь ему угодить.

На новогоднем столе должно стоять все то, что любят кот и кролик.

Кролик – существо травоядное, вот и постарайтесь поставить на новогодний стол 2011 как можно больше фруктов и овощей, разнообразить меню новогоднего стола. Поместите в центр стола огромное блюдо, красиво украшенное фруктами. Не забудьте положить на него яблоки и несколько морковок, поверьте, кролик обязательно заметит ваш реверанс.

И еще один небольшой нюанс... Позаботьтесь о том, чтобы новогодний стол 2011 пестрел от серебристого цвета, водрузите на него стальные подсвечники, елочные игрушки, такое украшение главного атрибута праздника, под названием новогодний стол, станет лучшим подарком для символов наступающего 2011 года.

Используя простые новогодние рецепты на год белого металлического кролика (зайца или кота), но при этом творчески подойдя к украшению самих блюд и к компоновке их размещения, можно с успехом добиться того, что новогодний стол будет выглядеть богато и аппетитно.

В наше время кулинария на Новый год давно перестала быть привилегией профессиональных поваров. Это вкусное искусство, доступное каждому. Нужно только поверить в себя, в свои силы, и приготовленные собственными руками маленькие шедевры сделают ваш праздник просто восхитительным.

САЛАТ «Змейка»

Ингредиенты для салата змейка: горбуша консервированная - 200 гр.

яйца — 2 шт.
картофель — 2 шт.
сырок плавленый - 3 шт.
соленый огурец - для чешуи
чеснок, соль и майонез по вкусу
зелень

Рецепт приготовления салата змейка:

Яйца и картофель предварительно отварим.

Горбушу разомнем вилкой.

Яйца и картофель и плавленый сырок натрем на терке и перемешаем с горбушей.

Добавим майонез, чеснок и соль по вкусу (нужно быть осторожными с солью, т.к. майонез сам по себе соленый + у нас еще присутствует соленый огурец).

Выложим салат на блюдо в форме змейки, нарежем тонкими колечками огурчик и украсим наш салат. Глаза можно сделать из небольших оливок или горошка. Язык из моркови, а из зелени сделаем травку для нашей змейки.

Салат змейка готов!

Приятного аппетита и с наступающим новым годом!



БЛИННЫЙ ПИРОГ

Для теста на блинный пирог:

Яйца – 3 шт.
Молоко – 300 мл.
Мука – 150 гр.
Зелень – 1-2 пучка.

Для начинки блинного пирога:

Помидоры – 5-6 шт.
Сыр – 200 гр.
Чеснок по желанию

Рецепт приготовления пирога:

Сначала подготовим тесто для блинов. Для этого смешаем яйца, молоко и муку, добавим соль и сахар по вкусу, а также мелко порезанную зелень. Из получившегося теста испечем 5-6 тонких блинов.

На застеленный бумагой противень выложим слоями блины и нарезанные кружочками помидоры, посыпая каждый слой тертым сыром (по желанию можно добавить чеснок по вкусу). Запекаем в разогретой духовке 15-20 мин.

Блинный пирог готов!



ХОЛОДЕЦ ИЗ КУРИЦЫ

Ингредиенты на холодец из курицы:

курица 1-1,5 кг.
морковь - 2 шт.
лук репчатый - 1 шт.
лавровый лист
перец горошком
соль
чеснок
желатин 2 упаковки по 15 гр.

Рецепт холодец из курицы: Курицу положим в кастрюлю и зальем водой когда вода закипит снимем пену и лишний жир. Добавим очищенную морковь, лук, чеснок, перец и варим до тех пор, пока мясо с легкостью не будет отставать от костей. За 15 минут до окончания варки добавим лавровый лист. Разведем желатин в трех стаканах теплой, кипяченой воды и дадим ему набухнуть.

В это время вынем из бульона курицу и овощи, бульон процедим и оставим для заливания холодца 1,5 литра. Теперь разберем курицу. Отделим мясо от костей и нарежем мясо небольшими кусочками. Подготовленное мясо выложим в формы для холодца сверху украсим наш холодец колечками моркови и зеленью.

Теперь займемся бульоном. Процеженный бульон для холодца поставим на огонь, выложим туда набухший желатин и тщательно перемешаем. Важно не доводить бульон до кипения! Аккуратно заливаем мясо бульоном, охлаждаем и убираем в холодильник до полного застывания.

Подавать холодец лучше всего с хреном, горчицей и с зеленью.

Приятного аппетита и с наступающим Новым годом

